

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н.ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ



«Педагогика» кафедрасының 60 жылдығына арналған «ЗАМАНАУИ
ҚОҒАМ ЖӘНЕ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ БІЛІМ БЕРУ» тақырыбындағы
халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдарының
ЖИНАҒЫ

22-сәуір, 2022 ж.

СБОРНИК

материалов Международной научно-практической конференции
посвященной 60-летию кафедры «Педагогика» на тему: «СОВРЕМЕННОЕ
ОБЩЕСТВО И ПЕДАГОГИЧЕСКОЕ ОБРАЗОВАНИЕ»

22-апреля, 2022 г.

COLLECTION

of materials International scientific and practical conference dedicated to the 60th
anniversary of the department «Pedagogy» on the topic: «MODERN SOCIETY AND
PEDAGOGICAL EDUCATION»

22-April, 2022 y.



Нұр-Сұлтан, 2022

ӘОЖ 37.0

КБЖ 74.00

II 23

Редакция алқасы:

Д.Қамзабек - фил.ғ.д., профессор, Басқарма мүшесі - әлеуметтік-мәдени даму жөніндегі проректор, **Б.Ж.Сомжүрек** - «Әлеуметтік ғылымдар» факультетінің деканы, **М.П.Асылбекова** - «Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану» кафедрасының меңгерушісі, п.ғ.к., профессор м.а.; **Р.К.Төлеубекова** - п.ғ.д., профессор; **Қ.Қ.Шалғынбаева** - п.ғ.д., профессор; **Г.Қ.Длиббетова** -п.ғ.д., профессор; **Б.П.Сейтқазы** - п.ғ.д., профессор; **Қ.Т.Атемова** - п.ғ.д., профессор; **Г.К.Шолпанқұлова** - п.ғ.к., профессор м.а., **Г.Т.Уразбаева** -п.ғ.д., профессор м.а.; **С.С.Байсарина** -п.ғ.к., доцент; **Байменова Б.С.** - п.ғ.к., доцент; **Ботабаева Ә.Е.** - п.ғ.к., доцент; **Т.С.Слаббекова** - п.ғ.к., профессор м.а.; **Н.П.Албытова** - п.ғ.к., профессор м.а.; **Балтабаева Ж.Б.** - магистр.

ISBN 978-601-337-659-2

Жинақта Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, «Педагогика» кафедрасының 60 жылдығына арналған «**ЗАМАНАУИ ҚОҒАМ ЖӘНЕ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ БІЛІМ БЕРУ**» тақырыбындағы Халықаралық ғылыми-практикалық конференциясының Пленарлық мәжілісінде және «Білім беру мегатрендтері және олардың педагогтің кәсіби құзыреттілігін дамытуға әсері», «Қазақстандық педагогика болашақтың педагогтарын даярлаудың негізі ретінде», «Педагогикалық іс-әрекеттегі коллаборация бірыңғай білім беру кеңістігін дамыту ресурсы ретінде» деп аталатын секция жұмыстары бойынша тыңдалған баяндамалар қамтылды. -821бет.

ОӘЖ 37.0
КБЖ 74.00

ISBN978-601-337-659-2

МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ОЙЛАУ ҚАБІЛЕТІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ

Саипова Айгуль Турсунбековна

A-Status бөбекжай балабақшасының меңгерушісі, Тараз қ.

Жармағамбетова Айша Жанатқызы

«Мектепке дейінгі оқыту және

тәрбиелеу білім беру» білім беру бағдарламасының 3-курс студенті

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,

Нұр-Сұлтан қ.

Аннотация. В статье рассказывается о важности формирования творческого мышления дошкольников. Творческие способности связаны с уровнем воображения каждого ребенка. Творческое воображение-это создание новых образов в процессе творческого воображения, не полагаясь на готовое изображение или изображение. Творческая фантазия занимает особое место и в области художественной литературы и искусства.

Ключевые слова: формирования, творческое мышление, дошкольники, творческие способности, творческая фантазия.

Abstract. The article tells about the importance of the formation of creative thinking of preschoolers. Creativity is related to the level of imagination of each child. Creative imagination is the creation of new images in the process of creative imagination, without relying on a finished image or image. Creative fantasy occupies a special place in the field of fiction and art.

Key words: formation, creative thinking, preschoolers, creativity, creative imagination.

Елбасымыз Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауында: «Мектепке дейінгі білім беру сапасын түбегейлі жақсарту керек. Ойлау негіздері, ақыл-ой мен шығармашылық қабілеттер, жаңа дағдылар сонау бала кезден қалыптасады. Білім беру ісінде 4К моделіне: креативтілікті, сыни ойлауды, коммуникативтілікті дамытуға және командада жұмыс істей білуге басты назар аударылу» қажеттілігін баса айтқан болатын [1]. Демек, балабақша жасынан бастап балаларды креативті (шығармашылық) ойлауға бейімдеп, сыни ойлауға машықтандыру, ортада жақсы қарым-қатынас орнатып, командада жұмыс жасай білуге баулу өте маңызды.

«Шығармашылық» ұғымының мазмұны «шығару», «іздену», «жаңаны ойлап табу» деген мағынаны білдіреді. Ол, жаңалық ашатын адамның әрекетінен, адамның мақсатқа бағытталған қызметіндегі ізденімпаздығы мен белсенділігінен, табандылығы мен жігерінен құралып, ақыл-ойы мен сезімінің, креативтілігінің бірегейлігінен туындайды [2].

«Шығармашылық қабілеттер» немесе «креативтілік» деген не? Латын тілінен аударғанда креативтілік «ойлап табу, жасап шығару» дегенді білдіреді.

Шығармашылық - өте күрделі психологиялық үдеріс. Шығармашылықты төмендегідей ерекшеліктермен сипатталған адам әрекеті деуге болады:

- шығармашылықта қарама-қайшылықтардың болуы;
- әлеуметтік және жеке адамға тән мәнінің болуы;
- шығармашылыққа арналған шарттардың, жағдайдың болуы;
- шығармашыл тұлғаның даралық қасиеттерінің болуы;
- нәтиженің жаңалығы, сонылығы.

Шығармашылықтың мәні, шығармашылық іс-әрекет туралы әр кезде әр түрлі пікірлер болған. Мысалы, XX ғасырдың басында белгілі философиялық сөздікте «шығармашылық» деп жаңа нәрсе ойлап табу, жаңалық ашу», - дей келе, – ол әр адамға тән нәрсе емес, құдайдың күдіретімен болады. Ал адам шығармашылығы тек салыстырмалы түрдегі әрекет» - делінген.

Соңғы кезде «шығармашылық» сөзі мен «жаңалық» сөзі мән-дес, астарлас болып табылғандай. Психологиялық анықтамаларда берілгендей «бұрын болмаған жаңалық» деу үзілді-кесілді мүмкін болғанымен, ерекше соны жаңалық, жаңа жол, жаңа шешім екенін мойындаған жөн. Ал баланың ашатыны субъективті жаңалық, ол тек қана өзі үшін жаңалық болып табылады.

Е.П.Торренстің пікірінше, креативтілік - білімдердегі кемшіліктерді, олқылықтарды қабылдауға қабілеттілік. Ғалым шығармашылық әрекеттің құрылымында төмендегілерді бөліп көрсетеді:

1. Проблеманы қабылдау.
2. Шешімді іздеу.
3. Болжамның пайда болуы және көрінуі.
4. Болжамды тексеру.
5. Олардың өзгерісін тексеру.
6. Нәтижелерді табу.

Шығармашылық - бүкіл болмыстың, қозғалыстың, дамудың, тіршіліктің көзі. Табиғат, қоғам құбылыстарында жеке адамның ақыл-санасында, іс-әрекетінде, ішкі жандүниесінде – бәрінде шығармашылықтың табиғи үдерістері үздіксіз жүріп жатады. Табиғат ішкі шығармашылық үдерістерді өзі басқарады. Сыртқы факторларды басқару, реттеу жеке адамның ой санасына, қызметіне байланысты. Сыртқы факторлардың бірі – оқыту және тәрбиелеу жүйесі.

В.С.Шубинский шығармашылық үдерісті үш сатыға бөліп, ондағы көрінетін қабілет – қасиеттерді көрсеткен:

1. Жаңаны, өзгеше, тың дүниені сезе білу, қарама-қайшылықтарды түсіне білуде сезімталдық, сындарлылық, шығармашылық ой талдауға бейімділік, жан-дүниесінде ішкі тартысты оята білу қабілеті, танымдық қызығушылық, яғни шығармашылық көңіл-күйдің туу кезеңі.

2. Интуиция, шығармашылық қиял, әдемілікті сезіне білу, сөз ұшқырлығы, қайшылықтарды түсіну, ой қызметінің ерекшелігі, батылдық, шығармашылыққа деген ішкі құштарлық, яғни оқиға, образ жасаудың бағдар ұстанар кезеңі.

3. Өзіндік сын, бастаған істі аяғына дейін жеткізу, дәлелдеме, дәйектемелер ұсына білу, оның формаларын табу, яғни сын, дәлелдеме сатысы [3].

Осы зерттеулерге сүйене отырып, Б.А.Тұрғынбаева өз диссертациясында шығармашылық үдерістің кезеңдерін шартты түрде төмендегіше топтастырады:

1. Жаңалықпен бетпе-бет келу.
2. Шығармашылық екіұштылық, белгісіздік.
3. Шешімнің жарқ етуі.
4. Шығармашылық акт.
5. Шешімнің дұрыстығын дәлелдеу.

Шығармашылық қабілеттілік – баланың өз бетінше жаңа бір бейне құруымен сипатталады, яғни іс-әрекеттің қандай түрінде болмасын жаңалық ашу, жасампаздық бейне жасау арқылы өзіндік жеке даралық дамудың бір көрінісін байқатқан жағдаймен түсіндіріледі [4].

Шығармашылық қабілет әрбір баланың қиялдау деңгейінде байланысты жүзеге асады. Шығармашылық қиялы дегеніміз дайын суреттеуге немесе бейнелеуге сүйенбей шығармашылық қиял үрдісінде жаңа бейнелер жасау. Шығармашылық қиялдың көркем әдебиет пен өнер саласында да алатын орны айрықша. Шығармашылық қиялды мүсіншілік, сәулет, сурет, әдебиет, мәдениет сынды өнер салаларына тән деуге болады.

Өзіндік ерекшеліктері мен олардан туындайтын себептерге орай: қиял ырықсыз және ырықты болып екіге бөлінеді. Психологиялық әдебиеттерде ырықсыз қиялды пассив қиял, ырықты қиялды актив қиял депте атай береді.

Әр адамның қиялы әр түрлі. Бір адамның қиялы бай, өрісі кең, шындықпен орайласып, тиісті мақсат – мүддені жүзеге асыруымен, шындықпен ұштасып жатады.

Қиялы әлсіз адамдар кітап оқыса, қызықты оқиғаларды ғана іздеп, оны түгел оқымайды. Шын мәнісіндегі қиял ғана адамды жемісті іс-әрекетке, белгілі мүддені орындауға жетелейді, оның рухани өсуі мен шығармашылық қабілетінің дамуына ықпал етеді [5].

Жоғарыда айтылғандарды қорытындылай келе, шығармашылық қабілет дегеніміз адамның қызығушылығына байланысты қызметіндегі ізденімпаздығы мен белсенділігінен ақыл-ойы жетіліп, осы іске дағды іскерліктерінің қалыптасуы.

Шығармашылығы жоғары деңгейдегі баламен жұмыстың негізгі мақсаты - олардың шығармашылық жұмыста өзінің қабілетін іске асыруға дайындығын қалыптастыру. Ал мақсатқа жету- оқу бағдарламасын тереңдетіп оқыту және балалардың танымдық белсенділігін дамыту арқылы жүзеге асады. Баланың дарындылығын анықтап, олармен жұмыс жасау қалай жүзеге асырылуы керек? Ол үшін баланың дарындылығын анықтап, дамыту үшін әр тәрбиеші өзінің алдына мынандай мақсаттар мен міндеттерді қоюы керек.

1. Баланың ақыл-ойының, эмоционалдық және әлеуметтік дамуы мен ерекшеліктерінің өзіндік ашылу деңгейі мен өлшемін ескеру.

2. Жан-жақты ақпараттандыру.

3. Коммуникативті бейімдеу.

4. Баланың шығармашылық бағытының ашылуына, дамуына, қоршаған ортаға өзін-өзі жарнамалауына көмек көрсету.

Осы мақсаттар мен міндеттерді орындауда тәрбиеші мынандай жұмыс түрлерін өз іс-тәжірибелерінде пайдаланса өзі өнімді нәтиже алмақ.

1. Икемді және ұтқыр оқу жоспарын құру.

2. Баланың өзінің жұмысын өзі жоспарлап, шешім қабылдауына ықпал ету.

3. Баланың қызығушылығына байланысты жұмыс жоспарын құру.

Осындай жұмыс түрлерін ұйымдастыруда тәрбиешілер мынандай мәселелерге баса назар аударулары керек:

- оқу іс-әрекеттерінде шығармашылық сипаттағы тапсырмаларды іріктеу, орындау, талдау жұмыстарын жүйелі жүргізуге;

- балалардың білім деңгейі мен олардың өз мүмкіндіктерін пайдалану көрсеткішін арнайы әдістемелер бойынша жүйелі түрде тексеріп отыруға;

- оқу іс-әрекетінен тыс мезгілде жүргізілетін жұмыстарға – пәндік сайыстар, ойындар мен шығармашылық байқауларға дайындық жұмыстарын жыл бойы жоспарлы жүргізуге;

- мектепке дейінгі мекемелерде дарынды балалар үшін арнайы топтар құрып, оқу бағдарламаларын жеделдетіп оқытуды ұйымдастыруға.

Психологтар бала қабілетінің екі түрлі деңгейі болатынын дәлелдейді. Соның бірі шығармашылық әдіс – жаңа нәрсені ойлап табуға бағытталған қабілеттер деңгейі. Ол үшін балаға бағыт-бағдар бере отырып, баланың өз бетімен жұмыс істеуіне мүмкіндік беру керек деп ойлаймын. Балалардың шығармашылық қабілеттерін дамытуда әр түрлі әдіс-тәсілдерді қолдануға болады. Төменде осы шығармашылық жұмысқа тақырыптар береміз.

1 тақырып. Жүннен жасалған ойыншықтар

Жұмыс мақсаты: балаларға түрлі түсті жүннен ойыншықтар әзірлеу.

Практикалық жұмыс

Түрлі түсті жүннен ойыншықтар әзірлеу. Затты жасап шығару, орындау ретін анықтау, мүшелеу, әсемдеу, жинау, ажарлау.

Қажетті құрал-жабдықтар: түрлі түсті жүн.

2 – тақырып. Сурет салу

Жұмыс мақсаты: балаларға сурет салдыру арқылы олардың ұсақ моторикасын, қол мен көздің қозғалысын үйлестіруді жетілдіреді, зейін, көру, есту және механикалық есте сақтау қабілеттерін дамытады және балаға суретте өзінің ішкі әлемін «көруге» және өз тәжірибесін басқаларға жеткізуге мүмкіндік береді.

Практикалық жұмыс

Өз қолын саусақтарымен бастырып қағазға салады, санынған қол сұлбасын, құсқа ұқсатып салып, оны гуашьпен бояп шығады

Қажетті құрал-жабдықтар: А4 форматындағы ақ қағаз, гуашь бояу (Сурет 1-де берілген).

Сурет 1. Балалардың сурет салу барысы



Балаларда «Сурет салу» арқылы келесі дағдылары артады:

1. Эмоционалды-еріктік саланы тұрақтандырады және дамытады.
2. Эмоциялар мен сезімдерді сыртқа шығарады, себебі көптеген балалар үшін бұл өзін-өзі көрсетудің жалғыз тәсілі.
3. Балаға суретте өзінің ішкі әлемін «көруге» және өз тәжірибесін басқаларға жеткізуге мүмкіндік береді.
4. Балалар түсті үйлестіре бояу арқылы эстетикалық талғамы және шығармашылық қабілеттері артады,
5. Ұсақ моториканы, қол мен көздің қозғалысын үйлестіруді жетілдіреді.

Әдебиеттер

1. Мемлекет басшысы Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауы. Қазақстандықтардың әл-ауқатының өсуі: табыс пен тұрмыс сапасын арттыру. 2018 жылғы 5 қазан. <http://www.akorda.kz>.

2. Кадирбаева Р.І. Болашақ мұғалімдерді оқушылардың шығармашылық қабілетін дамытуға кәсіби даярлаудың ғылыми-педагогикалық негіздері: пед. ғыл. докт. ... автореф. – Алматы, 2010. – 36 б.

3. Сартаева Н.Т. Бастауыш сынып оқушыларының шығармашылық қабілеттерін дамытудың педагогикалық шарттары: магистр академиялық дәреж. ... автореф. – Қызылорда, 2011. – 16 б.

4. Тұрғынбаева Б.А. Бастауыш сынып оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамыту: пед. ғыл. канд. ... автореф. – Алматы, 1998. – 401 б.

ЖЕКЕ ТҰЛҒА ЕҢБЕГІНІҢ ЖЕМІСІ МЕН ЖЕТІСТІГІНІҢ НЕГІЗІ МОТИВАЦИЯДА

Садуов Бекзат Нуралиевич

Ахмет Ясауи атындағы университеті, филос.ф.к., доцент м.а
(Түркістан қ., Қазақстан) e-mail: saduova1977@list.ru

Садуова Жанат Нуралиевна

Ахмет Ясауи атындағы университеті, аға оқытушы
(Түркістан қ., Қазақстан) e-mail: saduova1977@list.ru

Аннотация. В данной статье проанализирована мотивация с точки зрения психологии, как всесторонне изучающая интеграцию внутреннего стимула, направленного на создание плана действий для человека, направленного на достижение цели, усиливающего стремление, настойчивого продолжения дела и стремления к достижению цели. То есть, мотивация-это усиленное стремление (энтузиазм) к цели, устранение (преодоление) внутренних самоограничений и разногласий, осознанное и энергичное движение (смелое начало) - относительно конкретизированы особенности и сходства механизмов, проявляющиеся в единстве триады.

Ключевые слова: мотивация, самоактуализация, установка, страсть, увлечение, стремление, намерение, стереотипия, регрессия, идентификация, эмоция.

Abstract. This article analyzes motivation from the point of view of psychology, as a comprehensive study of the integration of an internal incentive aimed at creating an action plan for a person aimed at achieving a goal, strengthening the desire, persistent continuation of the work and the desire to achieve the goal. That is, motivation is an increased desire (enthusiasm) for the goal, the elimination (overcoming) of internal self-restrictions and disagreements, a conscious and energetic movement (a bold beginning) - the features and similarities of the mechanisms that manifest themselves in the unity of the triad are relatively concretized.

Key words: motivation, self-actualization, attitude, passion, passion, aspiration, intention, stereotypy, regression, identification, emotion.

Мотивация - психология ғылымы бойынша адамға әрекет ету жоспарын құрғызған, іс бастатқызған, мақсатқа бағыттаған, талпыныс жігерін күшейткен, істі табанды жалғастырып, мақсатқа жетуге құлшындырған ішкі ынталылықтың ықпалдылығы. Ол мақсатқа деген күшті аңсар (ынта), ішкі өздік кедергілер мен келіссіздіктерді жою (арылу), саналы да, жігерлі қозғалыс (батыл кірісу) - үштігінің бірлігінен көрінеді.

Мотивацияны әрекетіміздің, ниетіміздің, қалауымыздың себепті ішкі түрткісі депте атасақ қате болмайды. Бұл сөз зат есім болғанда «Ниет түрткісі» сөзіне, етістік болғанда «Жігерлену» сөзіне жақын келеді. Жігерлену арқылы ниеті шабыттанып, іске кірісуге қозғау салынған адам бір түрлі бұлқынған ішкі қозғаушы күшке ие болады, өзінің көздеген мақсатына қарай кедергілерден тайсалмай белсенді жүру жігері кеудесін кернейді. Бұл барыста ниет шамасында өзгерістер болуы мүмкін, ол кейде күшейюі, кейде әлсіреуі мүмкін. Бірақ ниет шамасының қалай болуына қарамастан адамдар белгілі бір ниеттену тұрақтылығын сақтай алса, көңілінде сол іске деген құштарлығын өшірмей, сол мақсатқа қарай белсенді құлшынып, көздеген мақсатына жетпей тынбайтын болады. Мотивациялық ниет істің ішкі қозғаушы күші болғандықтан, егер адамның қандай ниеті барын білсең, онда оның әрекетінің ауқымы мен беталысын анық шамалай аласың [Жарықбаев Қ, 1991. 64б].

Платонның адам рухы үш бөліктің бірлігінен құралады деген идеясында осы мотивация ұғымының мағынасы қамтылған. Нәпсі дегеніміз тамақ жеу, көбею ниеті болып, дене қажетін орындауды талап етеді. Нәпсіні адамның ақылы емес, көңілі тізгіндеп ұстауы керек. Дегенмен, ішсем-жесем, денелік қанағаттансам дейтін ішкі талап пен таным-ақыл